

"Негізгі қуатқа тең қол жеткізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі төрағасының 2022 жылғы 13 маусымдағы № 15 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасының Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі Төрағасының 2024 жылғы 26 желтоқсандағы № 8 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2024 жылғы 26 желтоқсанда № 35536 болып тіркелді.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 4 т. қараңыз

1. "Негізгі қуатқа тең қол жеткізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі төрағасының 2022 жылғы 13 маусымдағы № 15 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 28495 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Негізгі қуатқа тең қол жеткізу қағидалары осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің (бұдан әрі – Агенттік) Отын-энергетика кешені департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) Осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) Осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Агенттіктің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Агенттік төрағасының орынбасарына жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Казақстан Республикасының
Бәсекелестікті қорғау және
дамыту агенттігінің Төрағасы

M. Омаров

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Көлік министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Ұлттық экономика министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Энергетика министрлігі

Негізгі қуатқа тең қол жеткізу қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Негізгі қуатқа тең қол жеткізу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 176-1-бабының 3-тармағына сәйкес өзірленді және нарық субъектілеріне негізгі қуатқа тең қол жеткізуді беру тәртібін айқындайды.

2. Қағидаларда мынадай ұғымдар қолданылады:

1) негізгі қуат – ұстем немесе монополиялық жағдайға ие нарық субъектісінің (бұдан әрі – негізгі қуат иесі) оларға қол жеткізбей, нарықтың басқа субъектілері тиісті немесе сабактас тауар нарығында тауар өндіруді және (немесе) өткізуді жүзеге асыра алмайтын тауары, инфрақұрылым объектісі;

2) тауар – азаматтық айналым объектісі болып табылатын тауар, жұмыс, көрсетілетін қызмет;

3) мұнай өнімдерін беру жөніндегі бірынғай оператор – мұнай өнімдерін өндіру саласындағы уәкілетті орган айқындайтын, қызметінің негізгі нысанасы Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметін, Қазақстан Республикасының Ұлттық ұланын, азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органды, мемлекеттік материалдық резерв саласындағы уәкілетті органды мұнай өнімдерімен қамтамасыз ету, сондай-ақ оларға мұнай өнімдерін сақтау және жеткізу жөніндегі қызметтер ұсыну болып табылатын занды тұлға.

3. Негізгі қуатқа қол жеткізу нарықтық шарттарда беріледі.

4. Кодекстің 174-бабына сәйкес негізгі қуатқа тең қол жеткізуді бермеу Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 159-бабының 3-1-бөлігінде белгіленген жауаптылыққа әкеп соғатын ұстем немесе монополиялық жағдайды теріс пайдалану болып табылады

5. Тауар нарықтарындағы бәсекелестіктің жай-күйіне жүргізілген талдау шенберінде негізгі қуат анықталған жағдайда, монополияға қарсы орган өзінің интернет-ресурсында тауар нарықтарындағы бәсекелестіктің жай-күйіне жүргізілген талдау нәтижелері бойынша қорытындыны (бұдан әрі - қорытынды) және негізгі қуат иелерінің тізбесін (бұдан әрі – тізбе) орналастырады.

Тізбе тауар нарығының, нарық субъектісінің, негізгі қуат иеленушінің толық атауын қамтиды.

Негізгі қуат иелері Кодекстің 165-бабының талаптары ескеріле отырып анықталады.

6. Қорытынды мен тізбе орналастырылған күннен бастап құнтізбелік бес күн ішінде монополияға қарсы орган нарық субъектісіне оны негізгі қуаттың иесі деп тану туралы жазбаша хабарлама жібереді.

7. Негізгі қуат иесі хабарламаны алған күннен бастап құнтізбелік алпыс күн өткен соң өзінің қызметін Қағидаларға сәйкес келтіреді.

8. Қосымша уақыт шығындары қажет болған жағдайда, негізгі қуат иесі монополияға қарсы органға Қағидалардың 7-тармағында көрсетілген мерзімді ұзарту туралы дәлелді өтінішпен жүргінеді.

9. Мерзімді ұзарту туралы немесе ұзартудан бас тарту туралы шешімді монополияға қарсы орган дәлелді өтінішті алған сэттең бастап құнтізбелік отыз күн ішінде қажетті уақыт шығындарының негізdemесін ескере отырып қабылдайды.

Монополияға қарсы орган қызметті Қағидаларға сәйкес келтіру бөлігінде қосымша ақпарат алу туралы дәлелді өтінішті қарау мерзімін, негізгі қуат иесіне дәлелді өтініш тоқтатыла тұрған күннен бастап құнтізбелік бес күн ішінде хабарлай отырып, бірақ құнтізбелік он бес күннен аспайтын мерзімге тоқтата тұрады.

2-тарау. Негізгі қуатқа тең қол жеткізууді ұсыну тәртібі

10. Негізгі қуатқа тең қол жеткізууді қамтамасыз ету мынадай реттілікпен жүзеге асырылады:

- 1) нарық субъектісінің негізгі қуатқа қол жеткізууді ұсыну туралы өтінімді (бұдан әрі – өтінім) негізгі қуатқа иеленушіге ұсынуы;
- 2) негізгі қуат иесінің өтінімді қарауы;
- 3) негізгі қуат иесінің өтінімді қарау нәтижесін беруі;
- 4) шарт жасасу.

11. Негізгі қуат иелері жыл сайын өтінімдерді қабылдау басталғанға дейін 2 (екі) айдан кешіктірмей өзінің интернет-ресурсында пошталық мекенжайын, электрондық поштасының мекенжайын, сондай-ақ өтінімдерді қабылдауға жауапты құрылымдық бөлімшениң байланыс деректерін көрсете отырып, өтінімдерді қабылдау кестесін (бұдан әрі – кесте) орналастырады.

Негізгі қуат иеленушіде интернет-ресурс болмаған кезде ақпарат монополияға қарсы органның интернет-ресурсында орналастырылады.

Негізгі қуат иелері монополияға қарсы органға мемлекеттік органның сұрау салуы бойынша өтінімдерді бөлу және қанағаттандыру бөлігінде негізгі қуат иелерінің ақпараттық жүйесіне қолжетімділікке ие болуды қамтамасыз етеді.

Негізгі қуат иесінің ақпараттық жүйесінде негізгі қуатты өндөу қызметін әрбір алушы үшін жеке кабинет болады.

Отінімдерді қабылдау мерзімі кемінде бір айды құрайды.

12. Негізгі қуатқа қол жеткізу үшін нарық субъектісі негізгі қуатты иеленушіге нарық субъектісі сұратқан қол жеткізуді ұсынудың елеулі шарттары көрсетілетін қағаз немесе электрондық нысандағы өтінімді жібереді.

13. Өтінімді негізгі қуатқа қол жеткізудің мәлімделген шарттарына қарамастан негізгі қуат иесі қабылдайды.

14. Өтінімдерді қабылдауды және оларды қарау нәтижелерін беруді негізгі қуат иесі тиісінше қағаз немесе электрондық нысанда жүзеге асырады..

15. Өтінімдерді негізгі қуат иесі басымдылықтың кему тәртібімен қарайды:

1) басқа тауарды өндіру және (немесе) өткізу үшін негізгі қуатты пайдаланатын нарық субъектілерінің өтінімдері;

2) тиісті негізгі қуат үшін сақтау инфрақұрылымы бар нарық субъектілерінің өтінімдері;

3) нарықтың өзге субъектілерінің өтінімдері.

Кестеден тыс берілген өтінімдер кестеге сәйкес берілген өтінімдер қаралғаннан кейін қаралады.

16. Негізгі қуат иесі кестеге сәйкес берілген өтінімдерді, өтінімдерді қабылдау мерзімі аяқталғаннан кейін күнтізбелік отыз күн ішінде қарайды.

Кестеден тыс берілген өтінімдерді негізгі қуат иесі олар келіп түскен күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде қарайды.

17. Негізгі қуат иесі қарау нәтижелері бойынша мынадай:

1) нарық субъектісінің өтінімін ол сұратқан шарттарда қанағаттандыру туралы;

2) негізгі қуат иесі ұсынатын шарттарда негізгі қуатқа қол жеткізуді ұсыну туралы;

3) бас тарту себебін негіздей отырып, өтінімді қанағаттандырудан бас тарту туралы шешімдердің бірін қабылдайды.

18. Егер кестеге сәйкес берілген өтінімдерді қанағаттандыру үшін негізгі қуаттың бос көлемі жеткіліксіз болса, өтінімдер сұралып отырған көлемге барабар, бірақ нарықтың бір субъектісіне негізгі қуаттың жалпы көлемінің 50 (елу) пайзызынан аспайтын қанағаттандырылады.

Негізгі қуаттың бос көлемінің болуы, олардың құны, қол жеткізу шарттары туралы ақпарат негізгі қуат иесінің интернет-ресурсында орналастырылады.

19. Қағидалардың 17-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген жағдайда, сондай-ақ нарық субъектісі мен негізгі қуатты иеленуші арасында негізгі қуатқа қол жеткізу шарттары бойынша келісімге қол жеткізілген кезде олардың арасында тиісті шарт жасалады.

Шарт қоса алғанда бір жылға дейінгі мерзімге жасалады.

Коммерциялық қатынастар шеңберінде негізгі қуат иелерінен үшінші тұлғаларға басымдықпен сатып алған мұнай өнімдерінің көлемдері беруге және/немесе сатуға жатпайды.

20. Өтінімді қанағаттандырудан бас тарту үшін негіздер:

- 1) негізгі қуаттың бос көлемінің болмауы;
- 2) қол жеткізуді ұсыну үшін қажетті инфрақұрылымның немесе өзге де мүліктің болмауы.

21. Қағидалардың 20-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген жағдайда, бас тарту себебінің негіздемесінен басқа, өтінімді қанағаттандырудан бас тарту туралы хабарламаға техникалық шарттар да қоса беріледі.

Техникалық шарттар орындалған кезде нарық субъектісі қайтадан өтінім береді.

22. Бас тартумен келіспеген жағдайда, нарық субъектісі өтінімді және бас тарту туралы хабарламаны қоса бере отырып, бас тартудың негізділігін анықтау үшін монополияға қарсы органға жүгінеді.

23. Монополияға қарсы орган нарық субъектісі өтінішінің нәтижелері бойынша негізгі қуат иесінің бас тартуы негізділігінің расталғаны туралы хабарлайды не Кодекске сәйкес шаралар қабылдайды, бұл туралы нарық субъектісін хабардар етеді.

Егер нарық субъектісінің өтінішін қарау нәтижелері бойынша монополияға қарсы орган негізгі қуатқа тең қол жеткізуді ұсынбаудан көрінетін негізгі қуат иесінің өзінің ұстем немесе монополиялық жағдайын теріс пайдалану белгілерін анықтаса, нарық субъектісі қайтадан өтінім береді.

3-тaraу. Тікелей жеткізу шеңберінде, тауар биржаларынан тыс (бензин, авиациялық және дизель отыны) мұнай өнімдерінің жекелеген түрлерін бастапқы көтерме саудада өткізу тауар нарықтарында негізгі қуатқа тең қол жеткізуді ұсыну ерекшеліктері

24. Тікелей жеткізу шеңберінде мұнай өнімдерінің жекелеген түрлерін (бензин, авиациялық және дизель отыны) (бұдан әрі - мұнай өнімдері) (бұдан әрі – мұнай өнімдерінің тауар нарығы) бастапқы көтерме саудада өткізу тауар нарықтарында негізгі қуаттың иесі (бұдан әрі – мұнай өнімдерін беруші) болып ұстем немесе монополиялық жағдайға ие мұнай өнімдерін өндіруші, мұнай жеткізуші және (немесе) одан әрі өткізу мақсаттары үшін импорттаушы, мұнай өнімдерін көтерме сауда арқылы берушілер танылуы мүмкін.

25. Мұнай өнімдерін беруші өзінің интернет-ресурсында:

- 1) мұнай өнімдерін немесе мұнай өнімдерінің әрбір түрін жеке сатып алу-сатудың жария шартын (бұдан әрі – жария шарт);
- 2) қосылған құн салығынсыз жеткізудің алдағы айына мұнай өнімі бірлігінің бағасын, сондай-ақ мұнай өнімдерін жеткізу құнын;
- 3) шарт жасасуға өтінімдерді қабылдау үшін ақпараттық жүйенің және мұнай өнімдеріне қолжетімдік алу тәртібінің болуы туралы ақпаратты орналастырады.

Өтінімдерді электрондық пошта арқылы қабылдаған жағдайда нарық субъектісінің нақты атауы мен мекенжайы көрсетіледі.

26. Қағидалардың 33-тармағы 3) тармақшасының шеңберінде инвестициялық бағдарламаларды іске асыратын нарық субъектілерімен мұнай өнімдерін сатып

алу-сату шартын жасасу жағдайларын қоспағанда, мұнай өнімдерін жеткізуші нарық субъектісімен жария шартқа сәйкес шарт жасасады.

Жария шарт, оның ішінде енгізілген өзгерістер мен толықтырулар мұнай өнімдерін берушінің интернет-ресурсында орналастырылады.

Қажет болған жағдайда, мұнай өнімдерін беруші үлгілік шартқа, қателер мен жаңсақ жазуды түзетуді қоспағанда, алдағы өзгерістер мен толықтырулар туралы өзінің интернет-ресурсында хабарлама жариялаған сәттен бастап күнтізбелік отыз күн бұрын өзгерістер мен толықтырулар енгізеді.

Ескерту. 26-тармақта өзгеріс енгізілді - ҚР Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі Төрағасының 20.02.2025 № 2 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

27. Қағидалардың 33-тармағы 3) тармақшасының шеңберінде инвестициялық бағдарламаларды іске асыратын нарық субъектілерімен мұнай өнімдерін сатып алу-сату шартын жасасу жағдайларын қоспағанда, мұнай өнімдерін сатып алу-сату шарты бір айға дейінгі мерзімге қоса алғанда жасалады.

Ескерту. 27-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі Төрағасының 20.02.2025 № 2 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

28. Сатып алушылардың өтінімін мұнай өнімдерін беруші жеткізу айының алдындағы айдың 1-ден 20-на дейінгі кезеңде қабылдайды.

Өтінімдер мұнай өнімдерін өндіру саласындағы уәкілетті орган бекітетін Мұнай өнімдерін жеткізу жоспарын алғаннан кейін, бірақ жеткізу айының алдындағы айдың 25-күнінен кешіктірілмей қаралады.

20-шы күннен кейін келіп түсken өтінімдер бос көлем болған жағдайларды қоспағанда, келесі айда қаралады.

Осы тармақ Қағидалардың 33-тармағы 3) тармақшасы шеңберінде инвестиациялық бағдарламаларды іске асыратын нарық субъектілерімен мұнай өнімдерін сатып алу-сату шарттарына қолданылмайды.

Ескерту. 28-тармақта өзгеріс енгізілді - ҚР Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі Төрағасының 20.02.2025 № 2 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

29. Өтінімді алушының нақты уақыты мен күнін мұнай өнімдерін берушінің ақпараттық жүйесі тіркейді.

Өтінімді электрондық пошта арқылы алу өтінім жіберушіге автоматты түрде хабарлау арқылы негізгі қуат иесінің ақпараттық жүйесімен расталады.

30. Шарт жасасу үшін өткізу көлемінің ең аз және еселенген нормасы вагондық норманы құрауға тиіс.

31. Мұнай өнімінің бір түрін сатып алуға өтінімді қанағаттандыру мұнай өнімінің басқа түрін сатып алумен негізделмеуі тиіс.

32. Мұнай өнімдерін өндіру саласындағы уәкілетті орган бекітетін Мұнай өнімдерін жеткізу жоспары өзгертулген жағдайда, мұнай өнімдерінің шарттық сомасы түзетіледі.

33. Мұнай өнімдерін сатып алушылар арасында мұнай өнімдерінің көлемін бөлу тәртібі мынадай реттілікпен жүзеге асырылады:

бензин мен дизель отынын сату кезінде:

1) көктемгі егіс және егін жинау жұмыстары кезеңіндегі ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілері үшін мұнай өнімдерін жеткізу шарттарынан көлемін бөлу тәртібі мынадай реттілікпен жүзеге асырылады;

2) мұнай жеткізу тұлғалар тобына кіретін бөлшек саудада стационарлық жанармай құю станциялары арқылы бөлшек саудада өткізу үшін нарық субъектілеріне, арнайы құқықтарды жүзеге асыру үшін қажетті көлемдері шегінде мұнай өнімдерін жеткізу жөніндегі бірыңғай операторға;

3) стационарлық жанар-жағармай құю станциялары арқылы бөлшек саудада өткізу үшін ең төменгі деңгейін монополияға қарсы органның келісімі бойынша мұнай берушілер белгілейтін көлемде мұнай өнімдерін сатып алатын нарық субъектілері;

акциз төленген бензиннен компаундтеу жолымен өндірілген бензанолды және отандық биоэтанолды саудада өткізу үшін мұнай өнімдерін сатып алатын немесе жол бойындағы сервисті дамытуға инвестицияларды көздейтін бағдарламаларды дербес немесе еншілес ұйымдары арқылы стационарлық жанармай құю станциялары арқылы бөлшек саудада сату үшін мұнай өнімдерін сатып алатын нарық субъектілеріне мынадай шарттарда:

бес жылдан аспайтын мерзімде жүзеге асырылатын инвестициялық бағдарламаны тиісті саланы реттеуді жүзеге асыратын уәкілетті органмен және монополияға қарсы органмен келісу;

есепті кезеңнен кейінгі айдан кешіктірмей мемлекеттік органдарға инвестиациялық бағдарламаның іске асырылуы туралы ақпаратты жыл сайын ұсыну;

ақпаратты ұсынбаған немесе инвестиациялық бағдарламаны орындаған жағдайда мұнай өнімдерін сатып алу-сату шарттарын бұзу;

4) меншік құқығында немесе өзге де заңды негізде мұнай өнімдерінің базасын және/ немесе мұнай өнімдерінің базасында резервуары бар нарық субъектілері;

5) өзге де нарық субъектілері;

Авиациялық отын:

1) республикаішлік тасымалдардағы жолаушылар тасымалының көлеміне, мұнай өнімдерін жеткізу жөніндегі бірыңғай операторға, негізгі қызмет түріне байланысты өткізу көлемдеріне отандық авиакомпаниялар;

2) республикаішлік тасымалдардағы жүктөрді тасымалдау көлемі бойынша отандық авиакомпаниялар;

3) мұнай өнімдерінің бөлшек дистрибуторы;

4) мұнай өнімдерін көтерме жеткізуші;

5) басқа нарық субъектілері;

Ескерту. 33-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі Төрағасының 20.02.2025 № 2 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

34. Негізгі қуат шеңберінде сатып алған мұнай өнімдерінің көлемі коммерциялық қатынастар үшінші тұлғаларға беруге және/немесе сатуға жатпайды.

35. Мұнай өнімдерін беруші ағымдағы айдың 15-күніне дейінгі мерзімде өзінің интернет-ресурсында өткен кезеңдегі жеткізуіндегі нақты көлемі туралы ақпаратты орналастырады.

4-тaraу. Әуежайлар аумағында мұнай өнімдерін (авиациялық отынды) сақтау нарығында негізгі қуатқа тең қол жеткізуі үсінудың ерекшеліктері

36. Әуежай аумағында авиациялық отынды сақтау нарығында негізгі қуат иелері авиаотынды сақтау тауар нарығында үstem немесе монополиялық жағдайға ие әуежай (бұдан әрі - әуежай) болып табылады.

37. Әуежай авиаотынды сақтау қызметтерін Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасы шеңберінде бөлшек саудада өткізуішімен, мұнай жеткізуішімен, мұнай өнімдерін өндірушімен, импорттаушымен, мұнай өнімдерін көтерме жеткізуішімен (бұдан әрі – авиациялық отын жеткізуіші) жасалған жария шартқа сәйкес көрсетеді.

Әуежай мен авиациялық отынды жеткізуі арасындағы шарт әуежайда авиациялық қауіпсіздікті сақтау және қамтамасыз ету жағдайында жасалады.

38. Әуежаймен жария шартты жасау үшін авиаотынды жеткізуіші мыналарды қоса берे отырып өтінім береді:

1) авиаотын жеткізуі мен авиакомпания арасындағы авиаотынды жеткізу туралы шарт;

2) занды тұлғаны мемлекеттік тіркеу/қайта тіркеу туралы куәліктің немесе анықтаманың көшірмелері;

3) сұратылып отырған сақтау көлемдері туралы мәліметтер, оның ішінде сақтау мерзімдері мен көлемдері;

4) авиаотын сапасының паспорты;

5) авиаотының шығу тегін растайтын құжат;

6) меншігінде сақтауға жоспарланып отырған авиаотын көлемінің бар екенін растайтын құжат.

39. Әуежай авиаотын жеткізуішіге ұсынатын сақтау қызметтерінің көлемі авиакомпанияның әуежай инфрақұрылымын пайдалана отырып, авиаұшуды қамтамасыз ету үшін жеткілікті авиаотын көлеміне сәйкес келеді.

Бұл ретте, сақтаудың тәмендетілмейтін көлемі авиакомпания мен авиаотын жеткізуіші арасында бір жыл мерзімге жасалған шартпен расталады.

40. Авиаотынды сақтау шарттарын, оның ішінде қызметтерінің құнын, Кодекстің 174-бабында көрсетілген нормаларды ескере отырып, әуежай дербес айқындейдайды.

41. Әуежай өз сайтында:

- 1) жария шарт;
- 2) авиациялық отынды сақтау жөніндегі қызметтердің құны (бағасы);
- 3) құнын көрсете отырып, авиациялық отынды сақтау қызметіне байланысты ілеспе шығыстар;
- 4) шарт жасасуға өтінімдерді қабылдаудың ақпараттық жүйесінің болуы және авиациялық жанармай сақтау қызметтеріне қолжетімділік алу тәртібі туралы мәліметтер;
- 5) ағымдағы жылдық кезеңдегі авиациялық отын қоймасының қолда бар сыйымдылығы туралы ақпарат.

42. Авиаотын жеткізушілердің өтінімдерін әуежай ай сайын, бірақ жеткізу айының алдындағы ағымдағы айдың 25-күнінен кешіктірмей қарайды.

Авиаотын жеткізушілердің өтініштерін әуежай жеткізу айының алдындағы айдың 1 - 15-күндері кезеңінде қабылдайды.

Ағымдағы айдың 15-күнінен кейін түскен өтініштер, бос көлемнің болуы жағдайларын қоспағанда, келесі айда қаралады.

Өтініштерді беру әуежайдың ақпараттық жүйесінде жүзеге асырылады.

Өтінімді алудың нақты уақыты мен күні әуежайдың ақпараттық жүйесінде тіркеледі.

43. Әуежай авиаотын жеткізушілермен жария шартқа сәйкес шарт жасасады.

44. Әуежай авиакомпаниялардың рейстерін расталған слоттар бойынша авиаотынмен қамтамасыз ету үшін авиаотын көлемдерін сақтау инфрақұрылымына қолжетімділікті қамтамасыз етеді.

45. Әуежай өтінім алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде ақпараттық жүйе арқылы ұсынылған материалдарды Қағидалардың 38-тармағына сәйкестігін тексереді және авиаотын жеткізушіге қол қойылған шарт жобасын жібере және/немесе ұсынылмаған құжаттарды ұсыну қажеттілігін көрсете отырып шешім туралы хабардар етеді.

46. Шарт жасасу үшін өткізу көлемінің ең аз және еселенген нормасы вагондық норманы құрауға тиіс.

47. Мұнай өнімдерін (авиациялық отынды) сақтау көлемін бөлу тәртібі мынадай ретпен жүзеге асырылады:

- 1) отандық авиакомпаниялар республикашілік қатынас ішінде жолаушылар тасымалы көлемдеріне, мұнай өнімдерін жеткізу жөніндегі бірыңғай оператор, негізгі қызметпен байланысты өткізу көлемдеріне;
- 2) отандық авиакомпаниялар республикашілік қатынаста жүк тасымалдары көлемдеріне;
- 3) авионынды жеткізушілер.

48. Негізгі қуат иесі ағымдағы айдың 15-күніне дейінгі мерзімде өзінің интернет-ресурсында өткен кезеңдегі нақты сақтау көлемдері туралы ақпаратты, сондай-ақ негізгі қуаттың бос көлемінің болуы, оның құны, қол жеткізу шарттары туралы ақпаратты орналастырады.

5-тарау. Мұнайды экспорттау және транзиттеу мақсатында магистральдық құбырлар арқылы тасымалдау нарығында негізгі қуатқа тең қол жеткізуді ұсынудың ерекшеліктері

49. Тауар нарығында монополиялық жағдайға ие магистральдық мұнай құбырының операторы (бұдан әрі – оператор) мұнайды экспорттау мақсатында магистральдық құбырлар арқылы тасымалдау нарығындағы негізгі қуат иесі болып табылады.

50. Оператор мұнай жіберушілерге мұнайды экспорттау мақсатында магистральдық құбырлар арқылы тасымалдау бойынша қызметтерін жер қойнауын пайдаланушылар үшін бекітілген Қазақстан Республикасының ішкі нарығының қажеттіліктерін қамтамасыз ету үшін жер қойнауын пайдаланушылар үшін шикі мұнай және (немесе) газ конденсатын беру кестесіне сәйкес ұсынады.

51. Оператордың интернет-ресурсында:

1) Мұнайды экспорттау мақсатында магистральдық құбырлар арқылы тасымалдаудың жария шартын (бұдан әрі – жария шарт);

2) мұнайды экспорттау мақсатында магистральдық құбырлар арқылы тасымалдау бағасын;

3) шарт жасасуға өтінімдерді (бұдан әрі – өтінім) қабылдау үшін ақпараттық жүйенің және экспорттау мақсатында магистральдық құбырлар арқылы тасымалдау қызметтеріне қолжетімділік алу тәртібінің болуы туралы ақпаратты.

4) экспорттау үшін магистральдық құбырлардың бос көлемдерінің болуы туралы ақпаратты орналастырады.

52. Оператор мұнай жіберушілермен жария шартқа сәйкес шарт жасасады.

Жария шарт, оның ішінде енгізілген өзгерістер мен толықтырулар оператордың интернет-ресурсында орналастырылады.

Қажет болған жағдайда, оператор жария шартқа, қателер мен жаңсақ жазуды түзетуді қоспағанда, алдағы өзгерістер мен толықтырулар туралы өзінің интернет-ресурсында хабарлама жариялаған сәттен бастап күнтізбелік отыз күн бүрін өзгерістер мен толықтырулар енгізеді.

Мұнайды экспорттау мақсатында магистральдық құбырлар арқылы тасымалдау шарты бір жылға жасалады.

53. Мұнай жіберушінің өтінімін оператор жеткізу айының алдындағы айдың 5 - 25-күндері кезеңінде қабылдайды.

Өтінімдер мұнай өнімдерін өндіру саласындағы уәкілетті орган бекітетін мұнайды ішкі нарыққа жеткізу кестесі алынғаннан кейін қаралады.

54 Өтінімді алудың уақыты мен күнін оператордың ақпараттық жүйесі тіркейді.

55. Мұнай жіберушінің өтінімінде мынадай құжаттар болуы тиіс:

- 1) занды тұлғаны мемлекеттік тіркеу/қайта тіркеу туралы куәліктің немесе анықтаманың көшірмелері;
- 2) басшының лауазымы туралы мәліметтер, байланыс жасайтын адамның телефон нөмірі және электрондық пошта мекенжайы;
- 3) тасымалданатын мұнай көлемі;
- 4) сапа паспорты;
- 5) тасымалданатын мұнайды алушымен шарт.

56. Оператор өтінімді алған қүннен бастап 3 (үш) жұмыс қуні ішінде ақпараттық жүйе арқылы ұсынылған материалдарды Қағидалардың 55-тармағына сәйкестігін тексереді және өтінім берушіні қол қойылған шарт жобасын жібере және (немесе) ұсынылмаған құжаттарды беру қажеттілігін көрсете отырып шешім туралы хабардар етеді.

57. "Магистральдық құбыр туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 25-бабының 4-тармағына сәйкес оператор мұнай жіберушіге қызмет көрсету кезінде мұнайдың сапасы мен санының сақталуын қамтамасыз етеді және өнімді тасымалдау кезінде техникалық ысыраптарды шегергенде, маршруттың соңында мұнайды тапсырады.

58. Оператор ағымдағы айдың 25-күніне дейінгі мерзімде өзінің интернет-ресурсында магистральдық құбыржол бойынша экспортқа тасымалданған мұнайдың нақты көлемдері туралы ақпаратты орналастырады.

6-тарау. Мұнайды және (немесе) газ конденсатын, және (немесе) қайта өндіру өнімдерін өндіру қызметтеріне негізгі қуатқа тең қол жеткізуі ұсынудың ерекшеліктері

59. Мұнай өндіру нарығындағы негізгі қуат иесі ұstem немесе монополиялық жағдайға ие мұнай өнімдерін өндірушілер (бұдан әрі – мұнай өнімдерін өндіруші) болып табылады.

60. Мұнай өнімдерін өндіруші мұнай өндіру қызметтеріне мұнай өнімдерін өндіру саласындағы уәкілетті орган бекітетін Қазақстан Республикасының ішкі нарығының қажеттіліктерін қамтамасыз ету үшін шикі мұнай және (немесе) газ конденсатын беру кестесін ескере отырып қолжетімділік береді.

61. Мұнай өнімдерін өндіруші өзінің интернет-ресурсында:

- 1) мұнайды және (немесе) газ конденсатын, және (немесе) қайта өндіру өнімдерін өндіру қызметтерін көрсетуге арналған жария шартты (бұдан әрі – жария шарт);
- 2) мұнай тоннасын және (немесе) газ конденсатын, және (немесе) қайта өндіру өнімдерін өндіруге тарифті;
- 3) құнын көрсете отырып, шикізатты қайта өндірумен байланысты ілеспе шығыстарды;
- 4) жоспарлы жөндеу жұмыстары туралы ақпаратты;
- 5) өндірілетін мұнай өнімдерінің номенклатурасын;

6) шарт жасасуға өтінімдерді қабылдау үшін ақпараттық жүйенің болуы туралы ақпаратты және мұнайды және (немесе) газ конденсатын, және (немесе) қайта өндеу өнімдерін өндеу қызметтеріне қолжетімділік алу тәртібін;

7) қайта өндеудің ағымдағы жылдық кезеңге бос қуаттарының болуы туралы ақпаратты орналастырады.

Мұнай өнімдерін өндіруші шарт жасасуға өтінімдерді қабылдауды ақпараттық жүйе арқылы жүзеге асырады.

62. Мұнай өнімдерін өндіруші жария шартқа сәйкес мұнайды және (немесе) газ конденсатын, және (немесе) қайта өндеу өнімдерін өндеу қызметтерін көрсетуге шарт жасасады.

Жария шарт, оның ішінде енгізілген өзгерістер мен толықтырулар мұнай өнімдерін өндірушінің интернет-ресурсында орналастырылады.

Қажет болған жағдайда, мұнай өнімдерін өндіруші жария шартқа, қателер мен жаңсақ жазуды түзетуді қоспағанда, алдағы өзгерістер мен толықтырулар туралы өзінің интернет-ресурсында хабарлама жариялаған сәттен бастап күнтізбелік отыз күн бүрүн өзгерістер мен толықтырулар енгізеді.

Жария шартты мұнай өнімдерін өндіру саласындағы уәкілетті орган монополияға қарсы органмен келісу бойынша бекітеді.

Мұнайды және (немесе) газ конденсатын, және (немесе) қайта өндеу өнімдерін өндеу шарты бір жылға жасалады.

63. Мұнай және (немесе) газ конденсатын және (немесе) өнделген өнімді және (немесе) өнделген өнім иелерінен, мұнай берушілерден және жер қойнауын пайдаланушылардан мұнайды және (немесе) газ конденсатын және (немесе) өнделген өнімді өндеу бойынша көрсетілетін қызметке (бұдан әрі – көрсетілетін қызмет алушылар) өтінімін мұнай өнімдерін өндіруші жеткізу айнының алдындағы 25 айға дейін қабылдайды.

64. Өтінімді алушынан нақты уақыты мен күні негізгі қуат иесінің ақпараттық жүйесінде тіркеледі.

65. Мұнай жеткізушінің өтінімінде мынадай құжаттар болуы тиіс:

1) шикі мұнайдың және (немесе) газ конденсатының, және (немесе) қайта өндеу өнімдерінің сапасын растайтын құжат (сапа паспорты);

2) мұнайдың және (немесе) газ конденсатының және (немесе) тазартылған өнімнің шығу тегін растайтын құжат;

3) занды тұлғаны мемлекеттік тіркеу/қайта тіркеу туралы қуәліктің немесе қуәліктің көшірмелері;

4) мұнайды және (немесе) газ конденсатын және (немесе) қайта өндеуге арналған тазартылған өнімді жіберу көлемі;

5) өндеудің сұратылған көлемдері, оның ішінде өндеу мерзімдері мен көлемдері туралы мәліметтер.

66. Мұнайды және (немесе) газ конденсатын, және (немесе) қайта өндеу өнімдерін өндеудің негізгі қуат иесі өтінімді алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде ақпараттық жүйе арқылы ұсынылған материалдарды Қағидалардың 65-тармағына сәйкестігін тексереді және өтінім берушіні қол қойылған шарт жобасын жібере отырып және/немесе ұсынылмаған құжаттарды беру қажеттілігін көрсетіп шешім туралы хабардар етеді.

67. Негізгі қуат иесі ағымдағы жылдың 25-күніне дейінгі мерзімде өзінің интернет-ресурсында алдыңғы айда мұнайды және (немесе) газ конденсатын, және (немесе) қайта өндеу өнімдерін өндеудің нақты көлемдері туралы ақпаратты орналастырады.

68. Мұнай өнімдерін өндіруші мұнай өнімдерін өндіру мен жөнелтуді қоса алғанда, көрсетілген өндеу қызметтерінің көлемі туралы деректерді цифрандыруды қамтамасыз етеді.